

«Тәртіп және құқық» №43(571) 29.10.2015ж.

Біліктілікті арттыру курсынан өтті өтті

Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының біліктілікті арттыру курсынан екі апта бойына республикалық Қылмыстық-атқару жүйесі департаменттері штабтарының инспекторлары өтті.



Тыңдаушылардың аталған санатына тақырыптық жоспар бойынша Қазақстан Республикасы құқық қорғау жүйесін 2014-2020 жылдарға арналған одан әрі жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының Кадр саясаты концепциясы саласындағы қылмыстық-атқару жүйесі мен құқық қорғау органдары қызметін жетілдіру болашағы, Құқық қорғау органдары қызметінде мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру тақырыптарын оқыту қарастырылған. Сонымен қатар заң даярлығы бойынша оқу сабақтарында Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-атқару, әкімшілік кодекстарының новеллалары талқыланды.

ІІО бөлімшелерінде Штаб бөлімшелері басқару мен бақылауды жүзеге асыратын негізгі органдар болғандықтан, арнайы даярлық пәнінде қабылданған шешімді орындауды үйлестіру, жоспарлау және бақылау бойынша міндеттермен байланысты тақырыптар қарастырылды: «Қылмыстық-атқару жүйесіндегі стратегиялық жоспарлау», «Қауырт жағдайдың өршуі және ерекше

жағдайлар кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру» және т.б.

Алдына қойылған талаптарды тиімді орындау үшін штаб қызметкерлеріне біріншіден заңнамалық базаны білгені, жаңа нормативтік актілерді оқығаны қажет. Аталған сұрақ бойынша өз тәжірибесімен ЖЖҮБ бастығы, полиция подполковнигі Р.К. Мухтабаева бөлісті. Аталған сабақта сонымен қатар жоспарлардың, жедел кеңес, ҚР ІІМ Алқасының шешімдерінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге байланысты сұрақтар қарастырылды.

Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді кезеңдердегі елдің дамуына қатысты мемлекеттік жоспарлау жүйесіне қатысты сұрақтар Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі К.А. Жумабаев өткізген семинарлық сабақтарда қарастырылды.

Оқу сабақтарынан тыс Психологиялық жұмыс орталығының бастығы, полиция подполковнигі О.В. Чиржова кәсіби стресстің алдын алу бойынша тренинг өткізілді. Тыңдаушылар әр түрлі жағдайдағы стресстің пайда болуы туралы ақпараттандырылды.

Тестің көмегімен өзекті стресс деңгейі өлшенді. Жұмыс орнында релаксация өткізуге және жұмысқа қабілетті қалыптастыратын жаттығуларды үйреніп, «Менің әлемімнің бейнесі» медитациясын үйренді.

ӘҚжӘҚ, ҚАЖБжӘЖҮ кафедраларымен Қостанай облысы бойынша ҚАЖД базасында «ІО (ҚАЖ) штабтық бөлімшелерінің қызметін жетілдіру болашағы мен мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел жұмысында қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жұмысына қатысты мәселелі сұрақтар қарастырылды. Біліктілікті арттыру курстарының аяқталуы бойынша тест түрінде өтетін тыңдаушылардың білімдерін қорытынды бақылау өткізіледі.

Тестілеу қорытындысы бойынша тыңдаушыларға ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификат тапсырылды.

Гайда Жандарбекова
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
БАЖҚДИ бастығы
полиция полковнигі